

Қаратау гуманитарлық-техникалық колледжі

Қамқоршылық кеңестің хаттамасы

№ 3

Қаратау қаласы

« » 03 2018 жыл

Қатысқандар:

- | | |
|-----------------|--|
| Жолдасов Қ.Б. | - колледж түлегі, «Талас жолдары» ЖШС басшысы |
| Қартабаев Ғ.Т. | - «Нұр Отан» партиясы Талас аудандық филиалы төрағасының бірінші орынбасары |
| Аманжолова Ұ.М. | - ата-аналар комитетінің төрайымы |
| Омаров Қ.К. | - «Казфосфат» ЖШС Шолақтау ТКӨК басшысы |
| Тоқмырзаев Ғ.Е. | - Талас ауданы әкімі аппаратының ұйымдастыру-инспекторлық бөлімінің бас инспекторы |
| Сембин Б.Ж. | - ата-аналар комитетінің мүшесі |
| Естенбаева А.Т. | - ата-аналар комитетінің мүшесі |
| Науанова Ғ.Б. | - ата-аналар комитетінің мүшесі |

Қатыспағандар:

- | | |
|----------------|--|
| Изенбаев М.К. | - «Бином» ЖШС бас инженері (іс сапарда) |
| Төлебаев А.Т. | - колледж түлегі, аудандық мәслихаттың хатшысы |
| Сейдалиев Р.М. | - «Игілік» көпсалалы кәсіпорынның директоры |

Шақырылғандар:

- | | |
|------------------|-----------------------------------|
| Маселбеков Д.М. | - колледж директоры |
| Қарнақбаева Э.А. | - колледж директорының орынбасары |

КҮН ТӘРТІБІ

1. Дуальды оқыту жүйесін енгізуде және студенттердің оқу өндірістік іс-тәжірибелерін өткізуде әлеуметтік серіктестіктің жұмыстары
2. «Мәңгілік ел» идеясын іске асыруда қазақстандық патриотизмді студенттердің бойында қалыптастыру және «Болашаққа бағдар-рухани жаңғыру» аясында ұлттық құндылықтарды үгіттеу, «Туған жер» бағдарламасын ілгерлету және көптілді игеруде «Рухани жаңғыру» оқу орталығының жұмысы

Бірінші мәселе бойынша

СӨЙЛЕГЕНДЕР: Д.Маселбеков

Д. Маселбеков, колледж директоры - жалпы колледж бойынша 2017-18 оқу жылына оқу процесінің кестесіне сәйкес 16 өндірістік тәжірибе жоспарланса, осы 16 өндірістік тәжірибесіне 36 мекемемен 2 және 3-жакты келісім-шарт жасалса, білім саласындағы жаңа

жүйе - дуальды оқыту жүйесі бойынша оқитын 1401 мамандығының -35 білімгерімен және 1405 мамандығының 38 білімгерімен облыс, аудан, облыс көлеміндегі 7 мекеме: Казфосфат» ЖШС, «Бином» ЖШС, «ТаразРегионГазСервис» ЖШС, «Жамбыл Недр» ЖШС, «TalasInvestmentCompany» ЖШС, «Газсервис» ЖШС, «Пазыл-Сервис» ЖШС мекемелерімен 3 және 4-жақты келісім-шарттар жасалынып, облыстық кәсіпкерлер палатасымен және облыстық білім басқармасымен бекітілген. Аталған мекемелер «дуальды оқыту жүйесінде» оқып жатқан білімгерлерді кәсіптік тәжірибелер кезінде біліктіліктерін шыңдауда жұмыс орындарымен қамтамасыз етіп келеді.

2017-18 оқу жылына өндірістік іс тәжірибеден 9 мамандық бойынша өтетін 335 білімгердің бүгінгі таңға 213 білімгер өтсе, қалған білімгерлер оқу процесінің кестесіне сәйкес толық өтетін болады.

Білімгерлердің іс-тәжірибелік дағдыларын қалыптастыруда ұйымдастырылатын түрлі кездесулер, дөңгелек столдар, конференцияларға мекеме, өндіріс орындарынан білікті мамандар шақырылып отырылады. Осы оқу жылы Жамбыл облысы әкімдігі білім басқармасы оқу-әдістемелік кабинетінен 19.09.2017ж. келген №01-08/525 хатына байланысты, «Біздің аймақтағы кәсіптер» тақырыбында І-ші курстың 6 тобының студенттерімен 26-28 қыркүйек аралығында кәсіпорын базаларына экскурсиялар ұйымдастырылып, жетекші мамандармен кездесулер ұйымдастырылды.

Сонымен қатар, 2017-18 оқу жылында Тараз қаласы мен Талас ауданының жұмыс берушілерінен мамандар даярлауға 6 мамандық бойынша тапсырыстар түссе, жалпы 2018-21 жылдар аралығына 70-ге тарта мекемеден маман дайындауға тапсырыстар берілген.

Білімгерлердің өндірістік, технологиялық, жұмысшы мамандығын алу, дипломалды тәжірибелері барысында өтетін күнтізбелік - тақырыптық жоспарлары мекеме және колледж басшыларымен 2-жақты бекітілген. Барлық келісім-шарттар дуальды оқытуды ұйымдастыру қағидалары негізіндегі ҚРБЖҒМ 2016 жылғы 21 қаңтардағы №50 және кәсіптік тәжірибені өткізуге арналған ҚРБЖҒМ 2016 жылғы 29 қаңтардағы №107 бұйрықтары негізінде жасалып, барлық талаптар осы бұйрықтар негізінде мекемелермен келісе отырып орындалады.

Қамқоршылық кеңес мүшелері өзара талқылай келе бірауыздан төмендегідей шешім қабылдады.

ШЕШІМІ:

1. Дуальды оқыту технологиясы бойынша қабылданған іс-шаралардың сапалы орындалуы қамтамасыз етілсін.
2. Дуальды оқыту технологиясы енгізілген кәсіпорындар басшыларынан оқу үрдісін өткізуге жағдайлар жасау және білікті мамандарды тарту
3. Өндірістік-технологиялық және диплом алды іс-тәжірибелердің сапалы өткізілуін қамтамасыз ету мақсатында білімгерлердің жаңа технологиялық үрдістер мен заманауи қондырғылармен жұмыс істеуіне жағдайлар жасау сұралсын.

Екінші мәселе бойынша

СӨЙЛЕГЕНДЕР: Э.Қарнақбаева

Д. Маселбеков, колледж директоры - Қазан айының 19-зында колледждің акт залында «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» айдарымен конференция өткізілді.

2017 жылы желтоқсанның 12 жұлдызында салтанатты түрде ауданнан, Тараздан шақырылған қонақтардың қатысуымен Елбасымыз Н.Ә. Назарбаевтың «Болашаққа бағдар-рухани жаңғыру» мақаласы аясында колледжімізде «Рухани дамыту орталығы» ашылып, жоспары бекітілді. Ашылу барысында мұражай қызметкерлерінің көмегімен «Талас ауданынан табылған ұлттық құндылықтар» көрмесі ұйымдастырылды. Келешекте де барлық жұмыстар Қаратау мұражай ұжымының көмегімен жүргізілмек. Сабақтан тыс мезгілде

оқытушылар мен білімгерлер «Рухани дамыту орталығына» жинастыратын ұлттық құндылықтарды іздестіру жұмыстарын жүргізді.

Жоспарда көрсетілген «Тас мүсіндер тарихымыздың тамыры», «Тұлғалар ескерткіші-халық рухының қайнар көзі» тақырыбында Талас аудандық мұражайға, (ай сайын) және 20 қыркүйекте «Туған өлкенің киелі орындары» тақырыбында Талас ауданындағы тарихи орнын оқытушылар Р. Қожабергенава мен С. Аптауова жоғарыда аталған топтардың білімгерлерін Тамды қалашығына экскурсияға апарып, оларды осы қалашықтың тарихымен таныстырды, фотосессия өткізді.

28 сәуірде 6 оқытушы 60 білімгер «Жібек жолындағы жұлдызды шаһар» тақырыбында Жамбыл облысындағы тарихи орындарға саяхат жасады.

Қоғамдық пәндер апталығы кезінде «Латын қарпіне көшу - өркениетке барар жол» тақырыбында дөңгелек үстел ұйымдастырылды.

С. Аптауова апталық кезінде «Көне түркілер, Түрік қағанаты, Түркеш, Қарлұқ, оғыз, кимақ қағанаттары» тақырыбында Блум таксономиясын, СТО әдістерін қолдана отырып ашық сабақ өткізді.

Қазан айында акті залында білімгерлер Талас ауданының атақты журналисі, жазушысы С. Абсадықовпен кездесті.

Сонымен қатар 1401-17-96 тобымен «Қазақстан Ұлы Дала Елі». «Қазақтың Ұлы Даналары» тақырыбында зияткерлік сайыс өткізілді. I курс білімгерлерінің арасында «Ауыз әдебиеті-сарқылмас тарих» тақырыбында конференция, «Туған жер-туған шежіре» тақырыбында мүшайра, «Жамбыл облысындағы этностар тарихы» тақырыбында конференция өткізілді.

Ендігі кезекте оқытушылар мен білімгерлер «100 есім» бағытында ізденіс жұмыстарын жүргізіп жатыр.

Қаңтар, ақпан айларында білімгерлер «Бөлтірік шешен» кесенесі, «Қарақожа мешіті» макеттерін жасау қолға алынады.

Кеңес мүшелері жұмыс жоспарын талқылай келе бірауыздан бекітуге шешім қабылдады.

ШЕШІМ:

1. Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар – рухани жаңғыру» бағдарламасы мен «Мәңгілік ел» патриоттық идеясын іске асыруда қабылданған іс-шаралардың орындалуын қамтамасыз ету үнемі назарда ұсталсын.
2. Білімгерлердің бойынша Қазақстандық патриотизмді қалыптастыруда тақырыптық тәрбие сағаттары жүргізілсін және дөңгелек үстелдер және диспуттер мен дебаттар өткізілсін.
3. Рухани жаңғыру оқу орталығының жұмысы жандандырылсын.

Кеңес төрағасы

Хатшы



Қ. Жолдасов

Ұ. Аманжолова